

Мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының құрылымын жетілдіру және оларды ұстауға жұмсалатын шығынды қысқарту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 15 шілде N 1795. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Соңғы уақытта барлық деңгейдегі мемлекеттік өкімет пен басқару органдарында, оның ішінде құқық қорғау, сот органдары мен прокуратура органдарына өз функцияларын аппарат қызметкерлерінің санын ұлғайту есебінен орындаудың тұрақты үрдісі қалыптасқан. Мұндай жағдай басқарымдылықтың және далиып кеткен аппаратқа қойылатын талаптың, сондай-ақ істің жай-күйіне атқарушылардың жауапкершілігінің төмендеуіне әкеп соқтырады.

Мемлекеттік аппарат жұмысын ретке келтіру және оны ұстауға жұмсалатын бюджет қаржысын үнемдеу мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы таратылатын Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті негізінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті;

Қазақстан Республикасының таратылатын Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Баға комитеті негізінде Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Су ресурстары жөніндегі комитет болып;

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау комитеті болып қайта құрылсын.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты, Жоғарғы Соты, Жоғарғы Төрелік Соты, Бас прокуратурасы және Ұлттық Банкі қызметкерлерінің лауазымдық жалақысының схемасы мен еңбегіне ақы төлеудің басқа да шарттарын 2 ай мерзімде әзірлеп, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қ а р а у ы н а ұ с ы н с ы н ;

1994 жылғы 1 қыркүйектен бастап республикалық басқару органдары

қызметкерлерінің саны кемінде 25 процент, ал жергілікті басқару органдары қызметкерлерінің саны - 15 процент қысқартылуын қамтамасыз етсін;

1994 жылғы 1 қазанға дейінгі мерзімде республикалық органдардың аппаратын кемінде 25 процент, ал жергілікті органдардың аппаратын - 15 процент қысқартып прокуратура органдары, құқық қорғау және сот органдары орталық аппаратының құрылымын әзірлесін және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің бекітуіне табыс етсін;

1994 жылғы 1 қазанға дейін республиканың мемлекеттік басқару органдарының жаңа құрылымын әзірлеп, Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне ұсынсын;

облыс, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдерімен бірлесіп тиісті әкімдердің дербес басқармалары мен бөлімдерінің тізбесін әзірлеп, бекітсін;

2 ай мерзімде мәслихат - жиналыстар, әкімдер және олардың дербес бөлімдері мен басқармалары аппаратының басшы қызметкерлерінің, мамандары мен қызметшілерінің нормативті санын әзірлеп, бекітсін.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мемлекеттік өкімет пен басқару органдарын ұстауға бөлінетін мемлекет қаржысының жұмсалуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті